

**Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген
нормативтік құқықтық актілері**

**Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы
жерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін арттыру туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 142 шешімі.
Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 3-4-165 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 704 бабының 3 тармағына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі он есеге арттырылсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

К. Табынбаева

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**

Б. Турлыбаев